

Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 шілдедегі № 45-14 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 5100 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 5 шілдедегі № 13-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 05.07.2017 № 13-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Нормативтік құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жалағаш аудандық мәслихатының келесі шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

“Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 11-8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 4328 нөмірімен тіркелген, “Жалағаш жаршысы” газетінде 2012 жылғы 03 қарашада жарияланған):

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасында:

1-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

“1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.”;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“3. Тұрғын үй көмегін тағайындау “Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдармалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) арқылы жүзеге асырылады.”.

2) “Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіру туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 06 маусымдағы № 33-4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 4711 нөмірімен тіркелген, “Жалағаш жаршысы” газетінде 2014 жылғы 05 шілдеде жарияланған):

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

“1) оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп беруді “Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдармалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады;”.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық
мәслихатының XLV-сессиясының
төрағасы
М. ЕСПАНОВ*

*Жалағаш аудандық
мәслихатының
хатшысы
К. СҮЛЕЙМЕНОВ*